8D05210 – «Экология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Ж.Д. Пернебавтың «Қорғасын-мырыш қождарын қайта өңдеу өнімдерімен топырақтың ластануын экологиялық бағалау және болжау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Пернебаев Жақсылық Дәулетбайұлы диссертациялық жұмысын М. Әуезов атындағы ОҚУ «Экология» кафедрасында 2021-2024 жылдар аралығында орындаған. Пакистан еліндегі Фейсалабад мемлекеттік университетінде жұмыс жасайтын шет елдік кеңесшісімен бірігіп, ғылыми бағдарлама, жұмыс жоспары мен зерттеу алгоритмі құрастырылған.

Ж. Д. Пернебаевтың диссертациялық жұмысы қорғасын-мырыш өндірісі қождарын қайта өңдеу нәтижесінде түзілетін өнімдердің топырақ жамылғысына тигізетін әсерін кешенді экологиялық бағалауға, ластаушы заттардың топырақта таралу және жинақталу ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ зерттелетін аумақтың экологиялық жағдайының өзгеруін болжауға арналған. Пернебаев Ж. қорғасын-мырыш қождарын сақтау және қайта өңдеу барысында түзілетін қалдықтардан техногендік аумақтардағы топырақтың ластану деңгейін бағалаудың тиімді тәсілдерін жүйелеу үшін үлкен көлемдегі шет елдік әдебиеттерге, ақпараттық дереккөздерге, патенттерге ғылыми негізде сауатты талдау жүргізген.

Зерттеуді орындау барысында қорғасын-мырыш қождарын қайта өңдеу технологияларының, техногендік өнімдердің химиялық құрамы, ауыр металдардың топырақтағы миграциясы мен жинақталуы, сондай-ақ өндірістік аумақтардың экологиялық жағдайын бағалаудың және болжаудың тиімді әдістерін қолданған және топырақтағы ауыр металдардың жинақталу қарқындылығын бағалаудың, аумақтың экологиялық жағдайының ықтимал өзгерістерін болжауға мүмкіндік беретін заманауи ғылыми-әдістемелік тәсілдерді ұсынған.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында Ж. Д. Пернебаев өзін жауапкершілігі жоғары, ізденімпаз және еңбекқор зерттеуші ретінде көрсетті.

Диссертант зерттеу барысында алынған мәліметтерді жүйелі түрде талдап, олардың ғылыми және практикалық маңызын негіздей алды. Диссертациялық жұмыстың зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес барлық зерттеу жұмыстарын сауатты орындалған. Диссертациялық жұмыс құрылымдық және мазмұндық жағынан аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.

Зерттеу нәтижелері бірқатар халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда баяндалды. Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде барлығы 19 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде Scopus базасына кіретін журналдарда –6, халықаралық және республикалық конференциялар жинақтарында – *8* мақала жарияланды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері бойынша 2 авторлық куәлігі бар.

Орындалған диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді. Пернебаев Жақсылық Дәулетбайұлын 8D05210 – «Экология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Шымкент университетінің
«Экология және биология» ҒЗИ
директоры, профессоры, б.ғ.д. _____ Ө. Исаева

А. Ө. Исаеваның қолын растаймын:

Ғылыми департаменттің координаторы _____ Ш. Медетова